«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№ 113 ҚАРАКӨЛ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА ҚАРАКӨЛ №113»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАРМАКШИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120503, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы,
Қармақшы ауданы, Қармақшыауыла, Е.Жапалиев көшесі, № 2
Тел: 8(724)3726-2-63, karm_mektep113@mail.ru

120503, Республика Казахстан, Кызылординская область
Кармакшинский район, аул Кармакшы, ул Е.Жапалиев № 2
Тел: 8(724)3726-2-63, karm_mektep113@mail.ru

**БҰЙРЫҚ № 113** **ПРИКАЗ**

**06 қыркүйек 2024 ж/г**

**Ата-аналарды педагогикалық
қолдау орталығын құру жайлы**

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесі 2023 жылғы 15 тамыз № 4 хаттамасын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында ереже мен нұсқаулық бойынша **«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»** құрылсын.
2. Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған (15.08.2023жылғы № 4 хаттама) ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық, «Орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат, Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» басшылыққа алынсын.
3. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысының «Даналық мектебі» негізінде «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Ағалар мектебі», «Жеңгелер мектебі» құрылып, жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жүргізіліп жатқан жұмыстары туралы ақпарат білім бөліміне ұсынылсын және әлеуметтік желілерде жариялансын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Таңбайға тапсырылсын.

**Мектеп директоры** **Ж.Ш.Демеубаева**

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№ 113 ҚАРАКӨЛ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА КАРАКӨЛ №113»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАРМАКШИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120503, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы
Қармақшы ауданы, Қармақшы ауылы, [illegible]
Тел: 8(724)3726-2-63, karm_mektep113@mail.ru

[illegible]

**БҰЙРЫҚ № 143** **ПРИКАЗ**

**25 қыркүйек 2025 ж/г**

**Ата-аналарды педагогикалық
қолдау орталығын құру жайлы**

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесі 2023 жылғы 15 тамыз № 4 хаттамасын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту, сонлай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында ереже мен нұсқаулық бойынша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» құрылсын
2. Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған (15.08.2023жылғы № 4 хаттама) ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық. «Орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» басшылыққа алынсын.
3. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысынан «Даналық мектебі» негізінде «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Ағалар мектебі», «Жеңгелер мектебі» құрылып, жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жүргізіліп жатқан жұмыстары туралы ақпарат білім бөліміне ұсынылсын және әлеуметтік желілерде жариялансын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Тәңбайға тапсырылсын.

**Мектеп директоры** [signature] **Ж.Ш.Демеубаева**

*Бекітемін*
*Мектеп директоры у.м.а Н.Таңбай*

**№ 113 Қаракөл орта мектебінде АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫН жүргізу жоспары**
**(1-4 сыныптар)**

| № | Тақырыбы | Мазмұны | Жауапты | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| **1–4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ** | | | | |
| 1. | Отбасы – бақыт бесігі<br><br>**Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу** | 1. Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі<br>2. Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі<br>3. Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері<br>4. Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас<br>5. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері | Л.Тұматова | Қазан |
| 2. | **Білімдіге дүние жарық.**<br><br>**Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?** | 1. Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы<br>2. Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау<br>3. Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері<br>4. Үй тапсырмасы: көмектесеміз бе әлде...<br>5. Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен | А.Бекмаханова | Қараша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | мектептің өзара әрекеті | | |
| 3. | **Әрбір бала – жарық жұлдыз**<br><br>**Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?** | 1. Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу<br>2. Баланың оқуына, мінез-құлқына және жасауына қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. Ауру қалса да, әдет қалмайды.<br>3. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады?<br>4. Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті. | Г.Әбдіғали | Желтоқсан |
| 4. | **Баланы жастан...**<br>**Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?** | 1. Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы.<br>2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері.<br>3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар.<br>4. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті. | Л.Базарбаева | Қаңтар |
| 5. | **Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны**<br><br>**Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?** | 1. Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері<br>2. Интернетті пайдалану режимін сақтау<br>3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады?<br>4. Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т.б. | А.Ембаева | Ақпан |
| 6. | **Сенім арту – жетістік кепілі** | 1. Бала өміріндегі қиындықтар<br>2. Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қиын жағдайлардағы | К.Жолмаханова | Наурыз |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?** | баланың сезімі. Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала<br>3. Қиын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарау<br>4. Қиын жағдайға қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары<br>5. Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену | | |
| 7. | **Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер** | 1. Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы.<br>2. Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын маңызды қасиеттері.<br>3. Балаға жақсы әдеттерді үйрету.<br>4. Уәдесін орындау – ата-ананың ең басты қағидасы.<br>5. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі. | Н.Таңбай | Сәуір |
| 8. | **Тәліммен өрілген біздің дәстүр**<br><br>**Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде** | 1. Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі.<br>2. Тәрбие тәлімнен. Тату үйдің тамағы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббилердің отбасының бірлігіне ықпалы.<br>3. Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер.<br>4. Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру<br>5. Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы | Л.Оспан | Мамыр |

*Бекітемін*
*Мектеп директоры у.м.а Н.Таңбай*

**№ 113 Қаракол орта мектебінде АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫН жүргізу жоспары**
**(5-9 сыныптар)**

| № | Тақырыбы | Мазмұны | Жауапты | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | | **5–9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ** | | |
| 1. | **Баланың бас ұстазы– ата-ана**<br><br>**Позитивті тәрбие** | 1. Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері.<br>2. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті – қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету.<br>3. Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту.<br>4. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің ұлттық бастаулары.<br>5. Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулық. | А.Жүсіпбекова | Қазан |
| 2. | **Ақыл айтпа, жол көрсет**<br><br>**Жасөспірімнің** | 1. Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда) бейімделуі, оның іс-әрекетін жақсарту жағдайлары. Ұлттық тамақтану мәдениеті – жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі.<br>2. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі: негізгі қиындықтар. | Қ.Құлмаханова | Қараша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **бейімделуі** | 3. Өзіңді өзің сыйламасаң, өзгеден сый дәметпе. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері.<br>4. Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br>5. Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі. | | |
| 3. | **Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер** | 1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары, олардың көріністерінен шығу жолдары.<br>2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мүдделері – олардың өзара түсіністігінің негізі.<br>3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер.<br>4. Бір күндік ұрыстын қырық күндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары.<br>5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сақтаудың шарты – кешіре білу. | А.Ембаева | Желтоқсан |
| 4. | **Бұлақ көрсең, көзін аш. Тұлғаның бойындағы шығармашылықты дамыту** | 1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері.<br>2. Ертегі ойлап табуға үйрету.<br>3. Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы.<br>4. Балалармен жүргізілетін шығармашылық әрекеттің тиімділігін арттыру.<br>5. Шығармашыл тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі. | С.Жақыпов | Қаңтар |
| 5. | **Ақпараттан ақ-қараны ажырату** | 1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары.<br>2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы: проблемалар, | К.Жолмаханова | Ақпан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **өнері.**<br><br>**Жасөспірімнің желідегі әрекеті** | салдары және мүмкіндіктері.<br>3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі.<br>4. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез-құлқына тәрбиенің әсері.<br>5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті. | | |
| 6. | **«Әр нәрсенің өлшемі бар...»**<br><br>**«Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады** | 1.Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары.<br>2. Жасөспірім бойындағы қиын мінез-құлықтың белгілері.<br>3. Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі.<br>4. Ашу – дұшпан, ақыл – дос. Өзін-өзі реттеу жолдары.<br>5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу. | Н.Таңбай | Наурыз |
| 7. | **Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары** | 1.Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе – достық.<br>2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері.<br>3. Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қорқыту. Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы.<br>4. Ата-аналардың мінез-құлық стратегиялары.<br>5. «Қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» сияқты ұлттық құндылықтар – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың негізі. | Ш.Зауытбекова | Сәуір |
| 8. | **Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына** | 1. Отбасылық құндылықтарды қолданудың өзектілігі.<br>2. «Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес»: Қонақжайлылық – отбасы құндылықтарының негізі.<br>3. «Мейірімді ата – Мейірімді бала». Ұлттық құндылықтарды | Л.Оспан | Мамыр |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Құндылықтар – отбасы бақытының негізі** | отбасында қалыптастыру және сақтау жолдары.<br>4. Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиеті – отбасының құндылығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану.<br>5. Жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды сақтауда мектеп пен ата-ананың өзара әрекетінің маңызы. | | |

*Бекітемін:*
*Мектеп директоры м.а Н.Таңбай*

**№ 113 Қаракөл орта мектебінде АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫН жүргізу жоспары**
**(10-11 сыныптар)**

| № | Тақырыбы | Мазмұны | Жауапты | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| **10–11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ** | | | | |
| 1. | **Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...** | 1. Жоғарғы сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері<br>2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау<br>3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету<br>4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері | А.Құлмаханова | Қазан |
| 2. | **Көркем мінез – баға жетпес байлық** | 1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері<br>2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау)<br>3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер<br>4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті<br>5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер | К.Жолмаханова | Қараша |
| 3. | **Сен жанбасаң** | 1. Кәсіп – өзін-өзі жүзеге асырудың негізі<br>2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін | Ж.Ержанова | Желтоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **лапылдап...** | көрсетудің кілті<br>3. *Ұлы жол үйінің табалдырығынан басталады.* Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады<br>4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар<br>5. Бойындағы бейімділікті дәл табу – өмірдегі бақыт пен табыстың негізі | | |
| 4. | **Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы** | 1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.)<br>2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілері<br>3. *Сынықтан өзгенің бәрі жұғады.* Тәуелділіктің алдын алу шаралары<br>4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі | Ж.Изимова | Қаңтар |
| 5. | **Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...** | 1. Жоғарғы сынып оқушыларыныңы интернет қауіпсіздігі<br>2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау<br>3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы<br>4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары<br>5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті | Н.Таңбай | Ақпан |
| 6. | **Күйзелістен шығар жол** | 1. *Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны.* Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады. Стресстен арылу әдістері<br>2. Эмоцияны бақылау – стрестен, күйзелістен шығудың жолы | К.Жолмаханова | Наурыз |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері<br>4. Қателесу – тәжірибе жинауға мүмкіндік береді<br>5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті | | |
| 7. | **Сүйіспеншілік – сыйластық кілті** | 1. Махаббат – отбасындағы эмоционалды тепе-теңдіктің негізі.<br>2. *«Айналайын»* ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету<br>3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция.<br>4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады | А.Ембаева | Сәуір |
| 8. | **Атадан өсиет, анадан қасиет** | 1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабақтастығы алдыңғы ұрпақтан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі<br>2. *Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар.* Әке мен ананың отбасындағы рөлі<br>3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе – қазіргі балалардың даму ерекшеліктері<br>4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау | Л.Оспан | Мамыр |

*Ата-аналарға тренинг*



**Тақырыбы:**

*«Баланың бас ұстазы ата-ана»*

*«Позитивті ата-ана болу»*



## *Амандасу*

# *«Балама қандай жылулық беремін?»*

*Мақсаты: Балаларына жылы сөз айта отырып, балаға деген махаббаттарын күннің жылуы арқылы жеткізе білу.*



# «Додокэдр» әдісі

*Мақсаты: Ата-аналарға сұрақ қою арқылы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтау.*



**Бала тәрбиесінде әке мен шешенің мүмкіндігінше бірдей араласуы үшін, отбасы тәрбиесін жоғары дәрежеде дұрыс жолға қою қажет.**

**Пётр Каптерев**

## *«Қайшысыз қиған адам бейнесі» әдісі*

*Мақсаты: Ата-аналарға балаға берілетін білім бірдей, бірақ әр баланың қабылдауы әр-түрлі екендігін түсіндіру.*



**Ұрыстыңыз ба- орап бүктейміз.**

**Мақтадыңыз-бүктеге қағазды ашыңыз.**

1. **Сізге не істеу оңай болды: балаңызға ұрысу ма әлде қолдау ма?**
2. **Балаңыздың тұлғасын толығымен кеңейту үшін сізде жақсы сөздер жеткілікті болды ма?**
3. **Тұлға бейнесінің нәтижесі қандай болды? Оның бастапқы күйінен (бүктеу алдындағы) айырмашылығы неде?**
4. **Сіздің кішкентай адамыңыз қазір қандай әрекеттерге қабілетті?**

**кірибе барысы: біз бәріміз іздің суретшілеріміз, біреудің барлық түстер политрасымен райды, ал біреуде қара түнек.**

## «Сұрақ-жауап» әдісі

*Мақсаты: Ата-аналардың өз ортасында ойларын анық айтып, бала өміріне белсенді түрде араласуына ықпал жасау.*

***Баланың бас ұстазы ата-ана ма?***

***Баланың бас ұстазы мұғаліммен мектеп пе?***

# *«Караоке» әдісі*
# *Әннің аты: Ана*
*https://www.youtube.com/watch?v=A2QNS6oBhaM*



**Бала тәрбиесі басты байлығың,**
**кешіксең көретінің қайғы-мұң.**

**Абай**

# «Ұстазға хат» әдісі

Сөйлемді аяқтаңыз!

1. Егер баланы үнемі сынап отырса

________________________________________

2. Балаға үнемі күлсе ____________________________
3. Баланы қолдап отырса ____________________________
4. Баланы қолдап отырса ____________________________
5. Бала төзімділікте өссе ____________________________
6. Бала қауіпсіз жағдайда өссе ____________________________

Аты-жөні: ____________________

Бүгінгі жиналыс ұнады ма? ____________________

Жиналысты 1-10 ға дейін бағалаңыз! ____________________

№ 113 Қаракөл орта мектебі

# «Ана мейірімі мен ұстаз мейірімі егіз»

**семинар – тренинг**

**Педагог- психолог: К.Жолмаханова**

**2024-2025 оқу жылы**

Бекітемін
Мектеп директоры Ж.Демеубаева

**«Ана мейірімі мен ұстаз мейірімі егіз»** семинар – тренинг

**Өтілу мерзімі** : « 24» қаңтар 2025 жыл
**Қатысушылар:** Ата – аналар, мұғалімдер
**Мақсаты :** Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың маңызын арттыру
**Міндеті:**

1. Ата-ана тәриесінің бала үшін маңыздылығын арттыру
2. Ата- аналармен байланыс орната отырып, жақсы көңіл – күй сыйлау.

**Педагог -психолог:** Қош келдіңіздер, құрметті ата - аналар. Бүгінгі «**Ана мейірімі мен ұстаз мейірімі егіз**» тақырыбындағы семинарымызды бала тәрбиесіндегі біздің жауапкершілігіміздің мақсаты қандай екенін тәжірибе арқылы анықтаймыз.

**1 тәжірибе:**
**Нұсқау :** стаканға таза су- баланың пәк жаны деп аламыз. Осы суға әр ата –ана пікірін қосып, баланың ішкі жан дүниесінің бұзылуына әкелетін әркекеттерді айта отырсақ

1. Қоршаған ортада болып жатқан қатігез оқиғалар
2. Ішімдік ішіп, темекі тартатын әке мен ана
3. Үлкен балалар тарапынан буллинг
4. Сыныптастарының шеттетуі
5. Мейірімсіз, жауапкершіліксіз, ұратын ата-ана

Әр мысалға таза суға йод тамшысын тамызып отырамыз. Баланың таза жан-дүниесі ластана бастады. Бұл бізді алаңдататын мәселе. Болашақ ұрпақты көркем мінезді етіп тәрбиелеу біздің қолымызда. Баланың жан – дүниесін тазарту үшін қандай әрекеттер жасаймыз, сол әдістерді ұсынсақ

1. Әлеуметтік желі қауіпсіздігін қамтамасыз ету
2. Баланы емес, өз-өзімізді тәрбиелеу
3. Балаға мейірім төгіп, жауапкершілікпен қарау
4. Қоғамдағы жайсыз әрекеттердің дұрыс еместігін ұғындыру
5. Буллингтің алдын –алу мақсатында құқықтық ағартушылық жұмыстар жүргізу
6. Зиянды әрекеттерді болдырмау, баланы бақылау

Әр айтылған пікірге аскорбин қышқылын тамызып отырамыз.
Байқадыңыздарма, сіздердің әрбір жақсы әрекеттеріңізден баланың жан- дүниесі тазарды. (йодпен лайланған су тазарады).

**2. Ертегі терапиясы**
**Нұсқау:** Әр кісіге параққа жазылған сөздерді таратамыз. Осы сөздерге сөйлем құраймыз. Келесі адам осы әңгімені тақырыптан ауытқымай жалғастыру қажет. Осы сөйлемдермен біздің ертегі құрастырылды. Ертегі сіздерге ұнадыма?

3. «Әдемі бейне»

**Нұсқау:** Ата –анадан 4 адамнан 2 топ шығарамыз. Әр топқа 4 жіп байланған маркер беріліп, жіптен ұстап, қағазға топ болып сурет салу қажет. Әр топ өз суретін таныстырады.

**4. Тілек білдіру**

**Нұсқау**: Қатысушыларды шаттық шеңберге шақырамыз. Оң жақтағы кісіге жақсы тілектерін айтып, алғыс білдіреді.

**Кері байланыс:** Құрметті ата-аналар! Семинар - тренингтен алған әсерлеріңізді және келесі ата-аналар жиналысына өз ұсыныстарыңызды айтуларыңызды өтінемін. Ұлттық құндылықты болашақ ұрпаққа насихаттай отырып, қазақи тәрбиемізді көрсете білейік. Ата - аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімізді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!

№113 Karakol secondary school



# "BETTER TOGETHER"

Grade: 5

Teacher: Aubakir Zhazira

**Бекітемін:**

**Қаңтар айы заң және тәртіп айы**

Ата заң бұл бағалы
Барша халық қолдаған.
Осы заңнан табады
Әділетті жолды адам.
Енді кейбір антұрған
Жүргізбейді үкімін.
Ата заңда қамтылған
Сенің барлық құқығың.
Бұл заңымыз ғажап-ақ,
Әрбір бетін көр ашып.
Енді нағыз азамат
Болам десең.
Жол ашық.
Сұлтан Қалиұлы

**Тақырыбы:** "Better together"
**Күні:** 24.01.2025ж
**Сыныбы:** 5
**Мақсаты:**Оқушылардың тіл үйренуге қызығушылықтарын дамыту.Өткен тақырыптарды сайыс барысында қайталау,(қазақ, ағылшын) сөйлеу дағдысын дамыту.Оқушылардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау, логикалық ойлау, тілдік дағдыларын дамыту.

**Жүргізуші 1:** Good morning, pupils and teachers, guests! Welcome to our **family** show! We are glad to see you we hope that you`ll enjoy today game.

**Жүргізуші 2:** Қайырлы күн, оқытушылар, оқушылар және қонақтар! Отбасылық шоуға келгендерінізге қуаныштымыз, және бұл ойын сіздерге ұнайды деп ойлаймыз.

**Жүргізуші 1:** Language is the main means of communication. The are nearly 3000 languages in the world. English and Russian are the languages of an international communication. they are languages of Abai, Pushkin, Shakespeare, Lermontov, Byron , whom we love and respect for their poems, sonnets and novels.

**Жүргізуші 2:** Адамды мұратқа жеткізетін –ана тілі мен ата дәстүр. Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Осында тұратын барлық ұлттардың құқықтары бір. Әлемде 3000-дай тіл бар. Ағылшын, орыс тілдері халықаралық қарым-қатынас тілдері болып табылады. Бұл тілдер өзіміз мақтан тұтатын, сүйіп оқитын Абайдың, Пушкиннің, Шекспирдің, Лермонтовтың, Байронның тілдері болып табылады.

**<u>GRADE:5 «Көзімнің қарасы» song</u>**

**Жүргізуші 1:** Well, let's begin our game and let's meet our participants...
*Miss Akzada and Alikhan*
*Miss Elmira and Ayala*
*Miss Maira and Saida*
*Miss Gulder and Aibol*
**Жүргізуші 2:** Олай болса, ойынымызды бастайық және қатысушыларымызды қарсы алайық...

**Жүргізуші 2:** Енді әділ қазылар алқасымен таныстыру кезеңі, олар:

**Жүргізуші 1:** Now it is the turn to get introduced with our just juries they are:

---

**Жүргізуші 1:** A man who knows many languages has no barriers and difficulties, especially in the 1-st level « Introduction ».

**Жүргізуші 2 :** Көп тіл білетін адамға ешқандай кедергі жоқ және кедергілерден еш қиындықсыз өтеді. Олай болса бірінші кезең «Таныстыру».

**Жүргізуші 1:** - Well let' s start the 1-st level.

-Are you ready?

Level 1 "Introduction"

**<u>Grade:5 "The sun"song</u>**

**Жүргізуші 1:** Good of you! We see that you know Kazakh and English languages very well. Our President wants his people to learn several foreign languages. So we, the young generation, learn English as it is an international language.

**Жүргізуші 2:** Сіздердің қазақ және ағылшын тілдерін өте жақсы білетіндеріңізді көріп отырмыз. Біздің Президент өз халқының бірнеше шет тілін меңгергенін қалайды. Сондықтан біз, жас ұрпақ ағылшын тілін халықаралық тіл ретінде үйренеміз.

**Жүргізуші 1:** So, the next stage is **<u>"Running Dictation".</u>** Students must write a vocabulary dictation with the help of their parents.

**Жүргізуші 2:** Сонымен келесі кезең **<u>« Жүгіру диктанты ».</u>** Оқушылар ата-анасының көмегімен сөздік диктантын жазу керек.

Level 2. «**Running dictation**»

| 1-топ | 2-топ | 3-топ | 4-топ |
|---|---|---|---|
| Big | | | |
| Dragon | | | |
| Tail | | | |
| Single | | | |
| Cyclops | | | |
| Phoenix | | | |
| Beak | | | |
| Eyes | | | |
| Ash | | | |
| Forest | | | |
| Intelligent | | | |
| Volcano | | | |
| Appear | | | |
| Contain | | | |
| Underworld | | | |
| Long ago | | | |
| Legend | | | |

**Жүргізуші 1:** _АЯла_ орындауында отбасы туралы өлең жолдары.

**Жүргізуші 2:** Poems about family performed by Ayala.

-So, let's continue our competition. Our third level is **Guess the name. What is it? (Riddles)**

**Жүргізуші 2:** Олай болса сайысымызды жалғастырайық. Үшінші кезеңіміз «**Атын тап. Бұл не? (Жұмбақтар)**

**Жүргізуші 1:** Guess the riddles and try to translate the answer to two languages. You will get 3 points for your each right answer.

**Жүргізуші 2:** Жұмбақтың шешуін тауып, жауабын ағылшын, қазақ тілдеріне аударыңыз. Әрбір дұрыс жауапқа 3 ұпайдан аласыздар.

Level 3 « **Guess the name. What is it?** »

1.Mary's father has five daughters- Nana,Nene,Nine,Nono.What is the fifth daughter's name?

Аудармасы: Мэридің әкесінде бес қыз бар- Нана,Нене,Нини,Ноно. Бесінші қызының аты кім? (Mary)

**2.** A very long nose.
It grows and grows
He is huge and likes fun.
It's …..(an elephant) піл

**3.** Green and long
With many teeth.
Beautiful smile
It's……( a crocodile) қолтырауын

4.I'm red and small, and I have a heart of stone. What am I? (cherry) шие

**Жүргізуші 1:** So, we are lucky that we know such languages as Kazakh, English, Russian. Well our next level is **"Tongue twisters".** Your task is to choose the emoticons below and read the in that mood.

**Жүргізуші 2:** Endeше, казак, ағылшын, орыс тілдерін білетініміз бақыт. Біздің келесі деңгейіміз «Тілді бұрмалау». Сіздердің тапсырмаларыңыз төмендегі смайликтерді таңдап, сол көңіл-күйде жаңылтпашты оқу.

Level 4"**Tongue twisters**"

**Жүргізуші 1:** Excellent! So, we get to our last level. Here you can check your vocabulary. At this stage, you can test your vocabulary. Task: You will be given a word, and you must say it as accurately as possible. Good luck!

**Жүргізуші 2:** Бәрекелді! Сонымен біз ойынымыздың соңғы кезеңіне де келіп жеттік. Бұл кезеңде өздеріңнің сөздік қорларыңды тексере аласыздар. Тапсырма: Сіздерге сөздер беріледі, сол сөздерді мүмкіндігінше қатесіз айту керек. Іске сәт!

**Жүргізуші 1:** Nice of you! While our juries count the points of our teams let's listen to pupils with her song.

**Жүргізуші 2:** Керемет! Әділқазылар алқасы топтардың ұпайларын санап жатқанда, оқушыларды әнін тыңдайық.

**Grade 5:** "I'm always here for you" song

№ 113 Қаракөл орта мектебі

# «Ана мейірімі мен ұстаз мейірімі егіз»

семинар – тренинг

Педагог- психолог: К.Жолмаханова

2024-2025 оқу жылы

*Бекітемін*
*Мектеп директоры Ж.Демеубаева*

**«Ана мейірімі мен ұстаз мейірімі егіз»** семинар – тренинг

**Өтілу мерзімі** : « 24» қаңтар 2025 жыл
**Қатысушылар:** Ата – аналар, мұғалімдер
**Мақсаты :** Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың маңызын арттыру
**Міндеті:**
1. Ата-ана тәриесінің бала үшін маңыздылығын арттыру
2. Ата- аналармен байланыс орната отырып, жақсы көңіл – күй сыйлау.

**Педагог -психолог:** Қош келдіңіздер, құрметті ата - аналар. Бүгінгі «**Ана мейірімі мен ұстаз мейірімі егіз»** тақырыбындағы семинарымызды бала тәрбиесіндегі біздің жауапкершілігіміздің мақсаты қандай екенін тәжірибе арқылы анықтаймыз.

**1 тәжірибе:**
**Нұсқау :** стаканға таза су- баланың пәк жаны деп аламыз. Осы суға әр ата –ана пікірін қосып, баланың ішкі жан дүниесінің бұзылуына әкелетін әркекеттерді айта отырсақ
1. Қоршаған ортада болып жатқан қатігез оқиғалар
2. Ішімдік ішіп, темекі тартатын әке мен ана
3. Үлкен балалар тарапынан буллинг
4. Сыныптастарының шеттетуі
5. Мейірімсіз, жауапкершіліксіз, ұратын ата-ана

Әр мысалға таза суға йод тамшысын тамызып отырамыз. Баланың таза жан-дүниесі ластана бастады. Бұл бізді алаңдататын мәселе. Болашақ ұрпақты көркем мінезді етіп тәрбиелеу біздің қолымызда. Баланың жан – дүниесін тазарту үшін қандай әрекеттер жасаймыз, сол әдістерді ұсынсақ
1. Әлеуметтік желі қауіпсіздігін қамтамасыз ету
2. Баланы емес, өз-өзімізді тәрбиелеу
3. Балаға мейірім төгіп, жауапкершілікпен қарау
4. Қоғамдағы жайсыз әрекеттердің дұрыс еместігін ұғындыру
5. Буллингтің алдын –алу мақсатында құқықтық ағартушылық жұмыстар жүргізу
6. Зиянды әрекеттерді болдырмау, баланы бақылау

Әр айтылған пікірге аскорбин қышқылын тамызып отырамыз.
Байқадыңыздарма, сіздердің әрбір жақсы әрекеттеріңізден баланың жан- дүниесі тазарды. (йодпен лайланған су тазарады).

**2. Ертегі терапиясы**
**Нұсқау:** Әр кісіге параққа жазылған сөздерді таратамыз. Осы сөздерге сөйлем құраймыз. Келесі адам осы әңгімені тақырыптан ауытқымай жалғастыру қажет. Осы сөйлемдермен біздің ертегі құрастырылды. Ертегі сіздерге ұнадыма?

**3. «Әдемі бейне»**
**Нұсқау:** Ата –анадан 4 адамнан 2 топ шығарамыз. Әр топқа 4 жіп байланған маркер беріліп, жіптен ұстап, қағазға топ болып сурет салу қажет. Әр топ өз суретін таныстырады.

**4. Тілек білдіру**
**Нұсқау**: Қатысушыларды шаттық шеңберге шақырамыз. Оң жақтағы кісіге жақсы тілектерін айтып, алғыс білдіреді.

**Кері байланыс:** Құрметті ата-аналар! Семинар - тренингтен алған әсерлеріңізді және келесі ата-аналар жиналысына өз ұсыныстарыңызды айтуларыңызды өтінемін. Ұлттық құндылықты болашақ ұрпаққа насихаттай отырып, қазақи тәрбиемізді көрсете білейік. Ата - аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімізді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!